

«Күншуақ»
бәбекжай-бақшасы» МҚҚҚ
менгеруші Ж.А.Курманова
«_____» _____ 2025жыл



№1 «Еркетай» кіши тобы

Тақырыбы: «Наурыз тойы береке»

Тәрбиешілер: Кульманова Ж.Б

Байбулова М.А

Тақырыбы: «Наурыз тойы береке»

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелу.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, ата-аналар Ұлы қуні Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген көктеммен қазақ даласына Жаңа жыл келді! Жаңа жылда армандарыңыз орындалсын! Ақ мол болсын! Бақшамыз ән мен жырға толсын!

Бүгінгі «Еркетай» тобының «Наурыз жақсылық бастауы» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Келе жатыр жылымыз! Мейрамдаймыз мұны біз!

Халқы сүйген мейрамды, қарсы алайық Наурызды! (Наурыз ару келеді).

Наурыз ару:

Сәлем барша халқымыз!

Жайнатамын бар гүлді,

Сайратамын бұлбұлды!

Тіршіліктің бастауы

Наурыз айы мен болам!

Жүргізуші: Қош келдің, Наурыз ару!

Өздеріңізге арнаған жырымызды қабыл алыңыздар!

Аружан:

Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың!

Әбілмансур: Куанышы халықтың

Құтты болсын Наурыз!

Әмір:

Ата-бабам тойлаған,

Наурызын армысың!

Ақпейіл:

Әнім де саған, биім де

Кұт қонақ өзің үйімде!

Ақмаржан:

Куаныш сыйлап еліме,

Күлімде Наурыз, күлімде!

Балалардың орындаудыңда ән: Наурыз келді.

Наурыз ару: Көп рахмет! Балалар.....

Ойын: «Асық жинау»

Шарты: Наурыз ару қоржыннан асықтарды шашады, балалар шашылған асықтарды әуенмен жинап береді.

Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайык

Би шашуын бастайык.

Би: Қамажай

«Қара жорға» би!

Жүргізуші: Кәне балалар Қыдыр атанаң батасын алайық

Қыдыр ата:

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Ұлыс береке берсін!

Бәле-жала жерге енсін!

Қайда барсаң жолың болсын! Аумин!

Жүргізуші:

Айтқаныңыз келсін!

Дендеріңіз сау мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін

Барша жұрт бақытты болсын!

Еліміздің несібесі көп болсын!

Көріскенше күн жақсы болсын!-деп ертеңгілімізді аяқтаймыз.

